

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 128 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1118 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 530-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі туралы ережеде:

16 - тармақта:

орталық аппараттың функциялары мынадай мазмұндағы 49) және 50) тармақшалармен толықтырылсын:

«49) Қазақстан Республикасы шетелдегі мекемелерінің жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуы және жалдауы, үй-жайларының (ғимараттарының) күрделі құрылысы мен жөндеуі бойынша ұсыныстарды әзірлеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның келісімі бойынша бекіту;

50) шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін аккредиттеу тәртібін бекіту;».

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі шетелдегі мекемелерінің жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуы және жалдауы, үй-жайлары мен ғимараттарының күрделі құрылысы мен жөндеуі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі № 1144 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасының аумағында шетел мемлекеттері бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілерін тіркеу және тілшілер пункттерін ашу туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы № 903 қаулысы.

3. Осы қаулы қоя қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

